

Біздің атамыз

Біздің атамыз Смайылов Бабылбек 1941 жылы майданға шақырылды. Ол Воронеж қаласы түбіндегі 734-ші Қызыл тулы жаяу әскер полкі құрамында белім командирі болды. 1943 жылы шілде айының 26-жұлдызында «Курская дуга» ұрыстарында Белград түбіндегі Шахтинск қа-

ласында снаряд жарықшағынан ауыр жараланды.

Тамбов қаласындағы әскери госпитальда жатып, сол қолынан айырылды.

1943 жылдың аяғында Ақкөл ауылына оралды. Өзі оқыған мектепте қырық жылға жуық ұстаздық қызмет етті.

Атамыз «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және т.б. орден-медальдармен марапатталды.

Қазір атамыз 81 жаста. Біз атамызды Ұлы Отан соғысының 60 жылдық мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.



Немерелері:
Асхат Смайылов, №17
орта мектебінің 11-«А»
сынып оқушысы,
Аян Бабылбеков,
«Зерде» дарынды
балалар мектебінің 1-«б»
сынып оқушысы